

## 6 - Дәріс

### Жүн және химиялық талшықтардан иірімжіп өндіру өндірісі.

Жүн саласы текстиль өнеркәсібінің маңызды салаларының бірі болып табылады. Сала кәсіпорындарында таза жүнмен қатар химиялық талшықтармен жүннің қоспасынан иірімжіп, маталар және бұйымдар өндіріледі. Бұл сала әртүрлі техникалық және арнайы маталар, иленген-киіз және фетр бұйымдарын, беймата материалдарын өндіреді.

Жүн иірімжібін иірудің 3 жүйесі бойынша өндіреді: аппаратты, тарақшалы (мәуітті) және шөткелі.

Аппаратты жүйеде қоспадағы талшықтарды тарау шөткелі машинада, ал өнімді жіңішкелету негізінен созба кареткаларында бөлу процессінде және кей уақытта иіру машинасының тарту приборындағы тарту процессінде орындалады. Жүн иірудің тарақшалы жүйесінде тарау операциясы шөткелі тарау және тарақшалы тарау машиналарында, ал өнімді жіңішкелету – тарту приборларында жүргізіледі.

Жүннің жіңішкелігіне байланысты тарақшалы жүйе ұзындығы 55-110 мм болатын жіңішке және салыстырмалы түрде қысқа жартылай жіңішке жүнді өңдейтін жіңішке тарақшалы және де ұзындығы 130 мм-ден астам ұзын жартылай жіңішке, жартылай дөрекі және дөрекі жүнді өңдейтін дөрекі тарақшалы жүйелерге бөлінеді.

Отандық кәсіпорындарда тек жіңішке тарақшалы иіру жүйесі қолданылады. Дөрекі шұғалы жүйе негізінен шет елдерде кроссбредті жүнді өңдеуге қолданылады.

Отандық кроссбредті типті ұзын жүнді, сондай-ақ шетелдік кроссбредті және шығыстық- жартылай дөрекі жүннің химиялық талшықтармен қоспасын шөткелі иіру жүйесінде өндіреді. Бұл жүйе бойынша техникалық маталар мен кілем бұйымдарына арналған сызықтық тығыздығы жоғары (50-500 текс) иірімжіптерді өндіреді. Бұл жүйе бойынша жүнді тарау шөткелі тарау машинасында, өнімді жіңішкелету таспалық, созбалық және сақиналы иіру машиналарының тарту приборларында орындалады.

Химиялық талшықтарды жгут түрінде өндіріп, кесіп-штапельдеу машиналарында штапельдейді. Талшықтарды араластыру таспалы-араластыру машиналарында таспалармен орындалады.

Бақылау сұрақтары:

1. Жүн талшығының құрылымдық ерекшеліктері қандай?
2. Химиялық талшықтардың қандай түрлері бар?
3. Қандай иіру әдістері қолданылады?
4. Камволь және шұға иіру жүйесінің айырмашылығы?
5. Аралас иірімжіптің артықшылығы қандай?

Әдебиет:

1. Садықов С.Т. — Тоқыма өндірісінің негіздері, Алматы, 2023
2. Сапарова Л.М. — Тоқыма шикізаттары және талшықтар, 2021
3. Textile Fiber Processing Technologies – Textile Institute, 2024
4. Электронды дереккөздер: ScienceDirect, Springer Textiles (2020–2025)
5. ҚР жеңіл өнеркәсібіне арналған оқу құралдары, АТУ, 2020–2024